

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Терең теориялық және әдістемелік білімді, зерттеу дағдылары мен инновациялық технологияларды меңгерген кәсіби оқыту саласында білім беру, ғылыми, технологиялық және басқару қызметін жүзеге асыру үшін педагогикалық ғылымдар магистрлерін даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

| | |
|---|--|
| Білім беру бағдарламасының түрі | ағымдағы |
| Білім беру бағдарламасының атауы | 7M01402 Кәсіптік оқыту |
| Білім беру саласы | 7M01 Педагогикалық ғылымдар |
| Даярлау бағыты | 7M014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау |
| Білім беру бағдарламасының тобы | M008 Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау |
| Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы | Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 2020 жылғы "04" тамызда 7M014 кадрлар даярлау бағыты бойынша берген № KZ75LAA00018542 лицензиясы негізінде іске асырылады. |
| ҰБШ бойынша деңгейі | магистратура, деңгей 7 |
| Берілетін дәреже | «7M01402 Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі |
| Білім беру бағдарламасын аккредиттеу | <i>Институционалды аккредиттеу:</i> «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» КЕМ, куәлік № AA0160, 24.05.2019 ж., аккредиттеудің әрекет ету мерзімі 24.05. 2019 ж. – 23.05.2024 ж. <i>1) Мамандандырылған аккредиттеу:</i> «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» КЕМ, куәлік № AA0160, 24.05.2019 ж., аккредиттеудің әрекет ету мерзімі 24.05. 2019 ж. – 23.05.2024 ж. |
| Білім беру бағдарламасының рейтингі | <i>Атамекен:</i> 2021 г. – 10 орын; 2022 г. – 1 орын <i>АРТА:</i> 3 орын |
| Жалпы академиялық кредит саны | 120 |
| Оқу мерзімі | 2 жыл |

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет тұлғаның атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау өзектілігі кәсіптік білім беру және жалпы кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің ұзаққа созылған дағдарысына байланысты білікті кадрлардың қатты жетіспеушілігінен туындады.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның нарықтағы оның бәсекеге қабілеттілігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал - оның сыртқы және ішкі ортасына қойылатын ағымдағы талаптарға сәйкес мамандарды кәсіптік оқыту.

Сол себептенде тұтынушылар мен жұмыс берушілердің сұранысына қарай, инновациялық технологияларды меңгерген, адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы мен кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесін қамтыған өскелең ұрпақты қалыптастыру және дамыту бойынша кәсіби білім беру жүйесі үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламасы әзірленді.

Нарықтың қажеттілігі. Статистикалық талдау «Ұлттық білім беру дерекқоры» (ҰББД) <https://e.edu.kz/statistics.html> автоматтандырылған жинақтау жүйесінде білім беру бөлімдерінің ресми сайты және <http://iac.kz> ақпараттық-талдау орталығы негізінде жүзеге асырылды.

Ұлттық білім беру базасы Қазақстанда 7997 мектепке дейінгі ұйым, 7413 бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары, 906 балаларға қосымша білім беру ұйымдары, 858 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, 137 арнайы білім беру ұйымдары, 293 арнайы білім беру ұйымдары бар екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасында 2017 жылғы мәліметтерге сәйкес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны 489198 адамды құрайды, оның ішінде 9 сынып-311001, 11 сынып-178197.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушыларының саны 29995 құрайды, оның ішінде жоғары білімі - 29163. 2909 жаста - кәсіптік-техникалық білім беру шеберлерінің саны - 5 977, оның ішінде 3853 - жоғары білімділер, 270 жастан - зейнеткерлік жасқа.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ғылыми және ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың саны 2985 құрайды (оқытушылардың жалпы санының 10%), оның ішінде ғылым докторлары, PhD 89, ғылым кандидаттары 273, магистрлер 2623.

Жоғары білімі бар оқытушылардың ең көп үлесі ТЖКБ жүйесінде жұмыс істейді (90,2%), ал ең азы - мектепке дейінгі мекемеде (57,9%). Орта арнаулы білімі бар мұғалімдер мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс істейді және әдетте - 0,6%, жалпы орта білімде - 0,15%.

Талдау техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы академиялық және ғылыми дәрежелі оқытушылардың жеткіліксіздігін көрсетті.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі.

Ақдениз университеті -20%;

Томск мемлекеттік педагогикалық университеті - 20%;

Кембридж бейнелеу және орындаушылық өнер мектебі -15%.

Білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді:

1) «Педагог» кәсіби стандарты Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген

2) Білім беру саласындағы СБШ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 отырысының хаттамасымен бекітілген.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:

«7M01402-Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасында пәндердің академиялық өзара байланысының логикасы, оларды қамтамасыз ету мақсаттары, олардың мазмұнының үздіксіздігі, олардың бірізділігі және сабақтастығы ескеріледі.

Бітірушіге кәсіби-педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметте табысты жұмыс істеуге және дамуға, мәдениет пен өнер саласындағы проблемалар мен үрдістер туралы түсінікке ие болуға, мәні мен шешімі бойынша бірегей жобаларды, тігін және сәндік өнер пәндерінің үлгілерін жасай білуге мүмкіндік береді.

| | |
|---|--|
| Академиялық ұтқырлық | Вестминстер университеті (Ұлыбритания, Лондон) |
| Қосдипломды бағдарлама | Университет Вестминстер университеті (Ұлыбритания, Лондон) MIT (АҚШ, Массачусетс, Кембридж) |
| Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) | 1. Тәлімгер - ұйымдастырушы |

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Ақдениз университеті -20%;

Томск мемлекеттік педагогикалық университеті - 20%;

Кембридж бейнелеу және орындаушылық өнер мектебі -15%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

7M01402 Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогика ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет нысандары төмендегідей болып табылады:

- жекеменшік және ведомстволық бағыныштылық түріне қарамай, білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері;
- кәсіби білім беру ұйымдары;
- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары;
- білім беру жүйесінде біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау институттары;
- білім беру саласында өкілетті және жергілікті атқарушы органдар.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

7M01402 Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- білім беру (педагогикалық);
- оқу-тәрбие;
- оқу-технологиялық;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастыру және басқару

білімі беру (педагогикалық) қызметі саласы бойынша:

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында, диагностикалау, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау педагогикалық үдерісін жобалау және ұйымдастыру;

- жалпы білім беретін, кәсіби білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың субъектілік қызметін ұйымдастыру;

- білім беру саласында инновациялық тәжірбелерді оқып үйрену, жинақтау және тарату.

оқу-тәрбие қызметі бойынша:

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың жеке тұлғалық дамуы мен қалыптасу үдерісін басқару;

- оқу-тәрбие жұмыстарын заңға, заңдылықтарға, қағидаларға, педагогикалық үдерістердің тәрбиелік құрылымына сәйкес жобалау және ұйымдастыру;
- орта білім беру, педагогикалық колледждер және жоғары оқу орындарында оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуге негізделген әр түрлі әдіс-тәсілдерді таңдап алу;
- қоғамдық пікірлерге, қоғамдық ережелерге, салт-дәстүрлерге және оларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды қалыптастыру;
- қызметтік этика ережелерін сақтау, этикалық және мінез-құлық ережелерін меңгерту.

□ оқу-технологиялық қызмет саласы бойынша:

- оқу үдерісінде қолдануға негізделген инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау;
- білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану туралы, білім алушылардың субъектілік қызметі туралы ақпаратты өңдеу және іздеуді ұйымдастыру,
- кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша алған білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білу.

□ әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласы бойынша:

- білім алушыларды дамыту мен тәрбиелеу үшін педагогикалық қолдау көрсету, қолайлы жағдайды ұйымдастыру және жобалау;
- тұлғалық ұмтылыс деңгейін объективті бағалауды, іскерлік этиканың нормаларын, этикалық және құқықтық нормаларды қалыптастыру;
- дене, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту амалдарын меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

□ ғылыми-зерттеу саласы бойынша:

- зерттеу қызметінің алгоритмін меңгеру, зерттеуді жоспарлау және ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеу әдебиеттерін оқуды ұйымдастыру және жоспарлау;
- кәсіби білім берудегі инновациялық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, жоспарлау және оқуды ұйымдастыру;
- педагогикалық эксперименттердің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуді жоспарлау және ұйымдастыру;
- әр түрлі ғылыми және білім беру мекемелерінде бағдарлы пәндер бойынша зерттеу жұмыстарын орындау;
- кәсіби мектептердің оқыту әдістемесі, теориясы мен технологиясы жетістіктерін шығармашылықпен қолдана білу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау;
- өзінің зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай білу, өңделген ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану, ізденіс жұмыстарының жағымды және жағымсыз жақтарын әр қырынан көре білу;

□ ұйымдастыру-басқару қызметі саласы бойынша:

- мазмұндық-процессуальді білім беру үдерісі құрайтын (кәсіби, жоғары білім беру пәндері курстарының мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары және даму ортасын ұйымдастыру, білім берудің әр түрлі деңгейлеріне сәйкес, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруды жоспарлау мен ұйымдастыруға қолдану);

мемлекеттік құрылымдағы түрлі білім беру деңгейлерін басқару қызметі.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН1. Қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелеріне және сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздеріне бағдарланады.

ОН2. Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, басқару процестері мен оқыту әдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын меңгереді.

ОН3 дизайнның теориялық-әдіснамалық негіздерін негіздейді;

ОН4 компьютерлік графика саласында зерттеу міндеттерін өз бетінше шешу үшін креативті қабілеттерді танытады

ОН5 Кәсіптік оқытуға арналған оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларын, әдістемелерін, технологияларын әзірлеудегі педагогикалық қызметтің мазмұны мен инновациялық бағытын жүйелендіреді.

ОН6 Кәсіптік оқыту педагогының кәсіпкерлік қызметін кеңейтуде жаңа технологияларды қолданады.

ОН7 Кәсіптік білім берудегі технологиялық және коммуникативтік технологияларды бейімдейді

ОН8 Оқу-іс-әрекет, конструкторлық-технологиялық қызметті жүзеге асыру үшін заманауи жаңашылдық және шығармашылық тәсілдерді кіріктіреді.

БББ бойынша оқу нәтижелерінің түлек атрибуттарымен арақатынасының матрицасы

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН4 | ОН5 | ОН6 | ОН7 | ОН8 |
|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| ТА1 | | + | + | + | + | + | + | |
| ТА2 | + | + | | | | | | + |
| ТА3 | + | + | | | + | | + | |
| ТА4 | + | | | + | | + | | + |
| ТА5 | | | + | + | + | + | + | |
| ТА6 | | | | | + | + | | + |

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2) «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы.

3) Мемлекеттік білім беру стандарты

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

| № | Модуль коды мен атауы | Кредитте рдің | № | Пән коды және атауы | Пәннің академи ялық кредит | Цикл/ компонент |
|---|--|---------------|---|---|----------------------------|-----------------|
| 1 | ISE 501 Модуль - 1 Ғылым мен білім интеграциясы | 16 | 1 | ISE 501 Ғылым тарихы мен философиясы | 4 | БП ЖК |
| | | | 2 | ISE 502 Шетел тілі (кәсіби) | 4 | БП ЖК |
| | | | 3 | ISE 503 Жоғары мектеп педагогикасы | 4 | БП ЖК |
| | | | 4 | ISE 504 Басқару психологиясы | 4 | БП ЖК |
| 2 | MFPE- 502 Модуль -2 Кәсіптік білім берудің әдіснамалық негіздері | 15 | 1 | MFPE-501/1 Педагогикалық зерттеулердің әдістемесі мен технологиясы | 5 | БП ТК |
| | | | 2 | MFPE- 501/2 <i>Кәсіптік білім берудегі зерттеулер</i> | | БП ТК |
| | | | 3 | MFPE- 502/1 Кәсіптік оқыту әдістемесі | 5 | БП ТК |
| | | | 4 | MFPE- 502/2 <i>Дизайн теориясы және әдіснамасының негізі</i> | | БП ТК |
| | | | 5 | MFPE- 503/1 Педагогика ғылымының әдіснамалық негіздері | 5 | БП ТК |
| | | | 6 | MFPE- 503/2 <i>Кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысының теориясы мен практикасы</i> | | БП ТК |
| 3 | PMHSS – 503 Модуль -3 Жоғары мектеп | 25 | 1 | PMHSS-501 Ғылым мен білімнің қазіргі мәселелері | 5 | БП ЖК |
| | | | 2 | PMHSS-502/1 Педагогикалық жобалау: теория және технология | 5 | БП ТК |

| | | | | | | | | | |
|-----------------|---|------------|---|---|------------|-------|---|---|-------|
| | жүйесіндегі педагогикалық менеджмент | | 3 | PMHSS-502/2 <i>Табысқа жету стратегиясы</i> | 5 | БП ТК | | | |
| | | | 4 | PMHSS- 503/1 Педагогтың кәсіби дамуы | | БП ТК | | | |
| | | | 5 | PMHSS- 503/2 <i>Педагогтың этикасы мен мәдениеті</i> | | БП ТК | | | |
| | | | | | | 6 | PMHSS- 504/1 Жоғары мектеп жүйесіндегі педагогикалық менеджмент | 5 | БП ТК |
| | | | | | | 7 | PMHSS- 504/2 <i>Педагогикалық үдеріс сапасын бағалау және мониторингілеу әдістемесі</i> | | БП ТК |
| | | | | | | 8 | PMHSS- 605/1 Кәсіптік білім берудің педагогикалық технологиялары | 5 | БП ТК |
| | | | 9 | PMHSS- 605/2 <i>Кәсіптік-техникалық оқу орындарында дуалды оқытуды ұйымдастыру мәселелері</i> | БП ТК | | | | |
| 4 | ЕРЕ – 4 Модуль -4 Инженерлік-педагогикалық білім беру | 28 | 1 | ЕРЕ- 601/1 Компьютерлік графика және моделдеу | 6 | БП ТК | | | |
| | | | 2 | ЕРЕ – 601/2 <i>Кәсіби оқытудағы инновациялық технологиялар</i> | | БП ТК | | | |
| | | | 3 | ЕРЕ- 602/1 Кәсіби білім берудегі шығармашылық жобалардың техникасы | 6 | БП ТК | | | |
| | | | 4 | ЕРЕ- 602/2 <i>Арт-жобаны бизнес-жоспарлау</i> | | БП ТК | | | |
| | | | 5 | ЕРЕ- 603/1 Білім беру және өндірістік саладағы кәсіпкерлік экономикасы | 6 | БП ТК | | | |
| | | | 6 | ЕРЕ- 603/2 <i>Кәсіптік оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар</i> | | БП ТК | | | |
| 5 | RW -5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары | 38 | 1 | RW 6 01 Педагогикалық практика | 4 | БП ЖК | | | |
| 2 | | | RW 5 (6) 02 Зерттеу практикасы | 10 | БП ЖК | | | | |
| 3 | | | RW 5 (6) 03 Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы | 24 | МҒЗЖ | | | | |
| 6 | FE Қорытынды аттестаттау | 8 | 1 | Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРК) | 8 | ҚА | | | |
| БАРЛЫҒЫ: | | 120 | | | 120 | | | | |

2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

| ISE-1 Ғылым мен білімнің интеграциясы | | | | | | | |
|--|------------------------------|----------------|-------------|---|----------------|-------------|------------------|
| <i>Модуль сипаттамасы:</i> Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды. | | | | | | | |
| № | Пән коды мен атауы | Цикл/компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
| 1 | Ғылым тарихы мен философиясы | ЖК | 4 | Ғылымның тарихы және философиясы пәні. Ғылымның көзқарастық негіздері. Философия білімнің интегралды формасы ретінде. Ғылымның қызметтері. Ғылымның пайда болуы және қалыптасуы. Антикалық ғылым және философия. Ортағасырдағы ғылыми таным. Жаңа заман ғылымының қалыптасуы. Жаңаевропалық ғылым – ғылым тарихының классикалық кезеңі. Қазіргі ғылым. Ғылым дамуының бейклассикалық, постбейклассикалық кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары. Ғылым дамуының постпозитивистік, постклассикалық емес кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары. Ғылыми білімнің құрылымы және деңгейлері. Ғылымның мамандық ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары. Ғылымның философиялық негіздемелері және дүниенің ғылыми бейнесі. Ғылыми дәстүрлер және ғылыми революциялар. Жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тарихы мен философиясы. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың тарихы мен философиясы. Ғылым әлеуметтік институт ретінде. Қазіргі ғылымның аксиологиялық аспектілері. Қазіргі заманғы жаһандық өркениет мәселелерді шешудегі ғылымның атқаратын рөлі. | «Джигсо» әдісі | ОН1. | Жазбаша |
| 2 | Шет тілі (кәсіби) | ЖК | 4 | Мақсаты-сөйлеу дағдыларын дамыту: пікірталас жүргізу, әртүрлі тақырыптар бойынша және әртүрлі жағдайларда өз пікірін білдіру. Грамматиканы үйрену оны ауызша сөйлеуде | «Инсерт» әдісі | ОН1. | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|-------------------------------|----|---|--|--------------------------------------|------|---------|
| | | | | <p>қолдануға бағытталған. Бағдарлама басқа тілдік дағдыларды игеруді және жетілдіруді қамтиды: тындау, оқу, жазу, сонымен қатар сөйлеу.</p> <p>Бұл курста оқу студенттерге ағылшын тілінің грамматикасы мен сөздік қоры туралы білім алуға, тілді меңгеру деңгейін арттыруға, сөйлеу, оқу және аударма дағдыларын жақсартуға, ағылшын тілін құлақпен қабылдауға, тілдік кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Қарапайым: қарапайым сөйлемдерді түсіну, жеке сөз тіркестерін құру, жазбаша және ауызша сөйлеуді түсіну қиын. Pre-intermediate деңгейі: бейімделген мәтіндерді оқу, шағын сөздік. Аралық деңгей: кез-келген тақырыпта әңгімелер жүргізу, бірақ дұрыс сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлеу мәнерін табу, пікір білдіру және сұхбаттасушыны жақсы түсіну, тез сөйлеу. Upper-intermediate деңгейі: сөйлеу жылдамдығына немесе сұхбаттасушының аймақтық екпініне қарамастан, қарапайым ағылшын тілін түсіну. Жетілдірілген деңгей: белгілі бір тілге тән фразеологиялық бірліктер мен идиомаларды білу, кез-келген қиындық деңгейіндегі мәтіндерді оқу және түсіну. Ағылшын тілінің жалпы курсы студенттерге осы тілді еркін меңгеруге мүмкіндік береді.</p> | | | |
| 3 | Жоғары мектептің педагогикасы | ЖК | 4 | <p>Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогикалық қызметтің мазмұны мен құрылымы. Жоғары мектеп педагогының кәсіби құзыреттілігі және коммуникативтік білімі. Жоғары мектептегі оқыту теориясы. Жоғары мектептегі оқытудың дидактикалық негіздері. ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастыру. Кәсіптік білім берудегі инновациялық үрдістер. ЖОО жүйесіндегі білім беру үрдісін басқару менеджменті. ЖОО-дағы тәрбие жұмысы. ЖОО-дағы заманауи педагогикалық технологиялар.</p> | Венн диаграммасы арқылы талдау әдісі | ОН2. | Жазбаша |
| 4 | Басқару психологиясы | ЖК | 4 | <p>Басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Басқарудың психологиялық теорияларының дамуы. Басқару психологиясының жалпы теориялық</p> | «Эйлер шеңбері» әдісі | ОН2. | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>мәселелері. Басқарушылық ісәрекетті талдау. Менеджердің тұлғалық ерекшеліктері. Басқару міндеттерінің психологиялық ерекшеліктері. Меншік психологиясы. Басқарушының кәсіби іс-әрекеті. Басқару субъектісінің қызметтері. Басқарушылық қарым-қатынас психологиясы. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамалары. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиясы. Ұйымның кадрлық саясатын психологиялық қолдау. Ұйымдағы дау-дамайлар психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары</p> | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|

MFPE -2 Кәсіптік білім берудің әдіснамалық негіздері

Модуль сипаттамасы: Модуль болашақ маманның жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздері мен заңдылықтары, кәсіптік білім берудің заманауи педагогикалық әдіснамалық жүйесін, контекстік оқытудың, принциптері, түрлері, формалары және әдістерін, педагогтың шеберлігі, зияткерлігі, өзін-өзі және кәсіби тұлғалық дамуын басқаруы, интегративті шығармашылық тұрғысында өзін-өзі дамытуына, кәсіптік оқыту педагогін даярлау жүйесіндегі оқу үдерісін гуманизациялаудың тиімділігін түсінуіне бағытталған.

| № | Пән коды мен атауы | Цикл/компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
|---|---|----------------|-------------|--|--------------------------------------|-------------|------------------|
| 1 | Педагогикалық зерттеулердің әдістемесі мен технологиясы | ТК | 5 | Кәсіби педагогикадағы ғылыми педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері. Кәсіби педагогиканың нақты мәселелерін зерттеуде қолданылатын әдістер. Ғылыми-зерттеулер нәтижелерін жинақтау және қорытындылау. Педагогикалық зерттеу нәтижелерін безендіру және тарату | «Инсерт» әдісі | ОН8. | Жазбаша |
| 2 | <i>Кәсіптік білім берудегі зерттеулері</i> | ТК | 5 | <i>Кәсіптік білім беру саласында зерттеу жүргізген ғалымдарың ғылыми еңбектері. Іргелі және қолданбалы зерттеулер. Заманауи педагогикалық зерттеу әдістері. Ғылыми еңбектерді тіркеу. Зерттеу тобының өзара әрекеттесуі. Ғылыми деректерді дайындау. Зерттеу деректерін бұрмалауға әкеп соғатын жалғандық. Плагиат және жалған авторлық құқық.</i> | Венн диаграммасы арқылы талдау әдісі | ОН5., ОН8. | Жазбаша |
| 3 | Кәсіптік оқыту әдістемесі | ТК | 5 | Кәсіптік оқытудың міндеттері және мазмұны. Кәсіптік оқыту жүйесінде оқытудың жалпыдидактикалық қағидаттары. Өндірістік оқыту жүйелері. Оқытуды ұйымдастырудың түрлері. | Диалогты оқыту әдісі | ОН5. | Жазбаша |

| | | | | | | | |
|---|---|----|---|---|----------------------------|------|---------|
| | | | | Кәсіптік оқытудың заманауи формалары. Теориялық оқыту сабақтарының құрылымы және типтері. Кәсіптік оқытудағы инновациялық технологиялар. Студенттердің білімдерін, икемділіктерін және машықтарын есепке алу, тексеру және бағалау. Оқу жұмысын жоспарлау және кәсіптік оқыту педагогын сабақтарға дайындау. | | | |
| 4 | <i>Дизайн теориясы және әдіснамасының негізі</i> | ТК | 5 | <i>Дизайн-жобалаудың теориясы және әдіснамасы. Дизайнның анықтамасы және түрлері. Дизайнның қалыптасу және даму тарихы. Жаңа аса жетілдірілген заттардың пайда болуы. Үйлесімді заттық ортаның қалыптасуы. Өндірістік дизайнның бастауы. Пропорция және пропорциялау. Пішіннің тұтастығы және мазмұны. Өндірістік дизайн. Дизайнның түрлері, ерекшеліктері мен өзіне тән қасиеттері. Өндірістік дизайн түсінігі, оның заты, мақсаты мен нұсқалары. Көркемдік құрылымдау процесінің кезеңдері.</i> | Т-кестесі | ОН3 | Жазбаша |
| 5 | Педагогика ғылымының әдіснамалық негіздері | ТК | 5 | Әдіснаманың жалпы тұжырымдамасы. Педагогикалық әдіснаманың мәні. Педагогиканың ғылыми методологиясының деңгейі: Философиялық деңгей, жалпы ғылыми деңгей, нақты ғылыми деңгей, технологиялық деңгей. Педагогикалық қызметтің әдістемесі. Педагогикалық ғылымдағы метеорологиялық көзқарастар: жүйе, қызмет, жеке, аксиологиялық және т.б. Педагогика қолданбалы ғылым ретінде. Педагогиканы басқа ғылымдармен байланыстыру. Педагогика тәуелсіз ғылым ретінде. Педагогикалық зерттеулердің әдістемелік сипаттамасы. | «Джигсо» әдісі | ОН8. | Жазбаша |
| 6 | <i>Кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысының теориясы мен практикасы</i> | ТК | 5 | <i>Оқытудың принциптері мен әдістері. Кәсіптік оқу орындарындағы оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері. Оқытудың мақсаттылығы. Кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысының бағыттары: азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік; рухани-адамгершілік. Отбасы тәрбиесі. Экологиялық тәрбие.</i> | "Өрмекші" әдісі (постерде) | ОН5. | Жазбаша |

| | | | | <i>Эстетикалық тәрбие. Дене тәрбиесі. Еңбек және экономикалық тәрбие. Кәсіби-шығармашылық тәрбие.</i> | | | |
|---|---|----------------|-------------|---|----------------------|-------------|------------------|
| PMHSS -3 Жоғары мектеп жүйесіндегі педагогикалық менеджмент | | | | | | | |
| <i>Модуль сипаттамасы:</i> білім алушыларда жоғары мектеп жүйесіндегі педагогикалық менеджмент саласында іске асырылып жатқан мемлекеттік саясатты ескере отырып, білім беру, мәдениет және өнер салаларында, әлеуметтік салада басқару функцияларын іске асыру үшін қажетті құзыреттер жүйесін қалыптастыру, тиісті ұйымдардың даму стратегиясы мен тактикасын қалыптастыру. | | | | | | | |
| № | Пән коды мен атауы | Цикл/компонент | Кредит саны | Пән сипаттамасы | Оқыту әдістері | Мақсатты ОН | Бағалау әдістері |
| 1 | Ғылым мен білімнің қазіргі мәселелері | ЖК | 5 | Ғылым әлеуметтік-мәдени феномен ретінде. Білім, таным және оның түрлері. Ғылым және практика: білім беру жүйесіндегі өзара байланыс және өзара әрекеттесу мәселелері. Ғылыми білім жүйе және қызмет ретінде. Қазақстандық білім беру жүйесі және оны жаңғырту тұжырымдамасы. Кәсіптік білім беру жүйесін жанартудың көздері, факторлары және негізгі тәсілдері. Кәсіптік білім берудің мазмұны мен құрылымын әзірлеу мәселесі. | «Кубизм» әдісі | ОН6. | Жазбаша |
| 2 | Педагогикалық жобалау: теория және технология | ТК | 5 | <i>Жобалаудың жалпы негіздері. Жобалаудың мәдени-инновациялық сипаты. Әлеуметтік жобалау. Педагогикалық жобалаудың мәні. Педагогикалық жобалаудың зерттелуі мен түрлері. Педагогикалық жобалау және басқару. Педагогикалық жобалаудың заңдылықтары мен ұстанымдары. Педагогикалық жобалаудың технологиялары. Педагогикалық жобалауды ұйымдастырудың шарттары. Педагогикалық жобалауды жүзеге асыру логикасы. Педагогикалық жобалаудың нәтижелері және бағалау. Педагогикалық әрекеттерді жобалаудың технологиясы.</i> | Диалогты оқыту әдісі | ОН6., ОН8. | Жазбаша |
